

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орманды пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемелерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2016 жылғы 8 желтоқсандағы № 95 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 19 қаңтарда № 6809 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2019 жылғы 14 қаңтардағы № 359 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 14.01.2019 № 359 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 506-бабына, 2003 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасының Орман кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 5-тармағына сәйкес Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Мыналар:

1) осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қосалқы ағаш ресурстарын дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері;

2) осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығы қажеттері үшін, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорт мақсаттарына пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері бекітілсін.

2. Осы шешімнің 3-қосымшасына сәйкес Қостанай облыстық мәслихатының кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қостанай облыстық мәслихаты
сессиясының төрайымы*

Г. Капенова

*Қостанай облыстық
мәслихатының хатшысы*

С. Ещанов

"КЕЛІСІЛДІ"

**"Қазақстан Республикасы Ауыл
шаруашылығы министрлігі Орман**

шаруашылығы және жануарлар дүниесі
комитетінің Қостанай облыстық орман
шаруашылығы және жануарлар дүниесі
аумақтық инспекциясы" республикалық
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Д. Джұмабаев

2016 жылғы 8 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қостанай облысы әкімдігінің қаржы
басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ С. Аймұхамбетова

2016 жылғы 8 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қостанай облысы әкімдігінің табиғи
ресурстар және табиғат
пайдалануды реттеу басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Ә. Маукұлов

2016 жылғы 8 желтоқсан

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қостанай облысы әкімдігінің экономика
және бюджеттік жоспарлау басқармасы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Е. Спанов

2016 жылғы 8 желтоқсан

Мәслихаттың
2016 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 95 шешіміне
1-қосымша

Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерінде қосалқы ағаш ресурстарын дайындау үшін төлемақы мөлшерлемелері

№	Ағаш-бұта тұқымдастарының атауы	Ормандарды молықтыруға арналған шығындар әдістері	
		Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемесі (айлық есептік көрсеткіш)
	Қайың:		
	қабықтар	тонна	0,016
	бұтақтар	тонна	0,032

1.	томарлар	тонна	0,008		
	тамырлар	тонна	0,048		
	жапырақтар	тонна	0,024		
	бұршіктер	килограмм	0,016		
Қарағай:					
2.	қабықтар	тонна	0,021		
	бұтақтар	тонна	0,042		
	томарлар	тонна	0,011		
	тамырлар	тонна	0,063		
	жапырақтар	тонна	0,032		
	бұршіктер	килограмм	0,021		
	Көктерек, терек:				
	3.	қабықтар	тонна	0,011	
бұтақтар		тонна	0,022		
томарлар		тонна	0,01		
тамырлар		тонна	0,033		
жапырақтар		тонна	0,02		
бұршіктер		килограмм	0,011		
4.		Сары қарағанның, бұта тектес талдардың, шырғанақтың, жүзгіннің, шеңгелдің және өзге де бұталардың бұтақтары		тонна	0,024

Мәслихаттың
2016 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 95 шешіміне
2-қосымша

Қостанай облысының мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығы қажеттері үшін, ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру, рекреациялық, туристік және спорт мақсаттарына пайдалану үшін төлемақы мөлшерлемелері

Орман пайдалану түрлері	Ормандарды молықтыруға арналған шығындар әдістері	
	Өлшем бірлігі	Төлемақы мөлшерлемесі
1. Ұзақ мерзімді орман пайдалану		
Мемлекеттік орман қоры учаскелерін аңшылық шаруашылығы қажеттері үшін пайдалану	гектар	жылына 0 теңге
Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану	гектар	жылына 400 теңге
Мемлекеттік орман қоры учаскелерін рекреациялық, туристік, және спорт мақсаттары үшін пайдалану	гектар	жылына 1605 теңге
2. Қысқа мерзімді орман пайдалану		
Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу, мәдени-сауықтыру мақсаттары үшін пайдалану	адамнан әрбір болған күн үшін	0,1 айлық есептік көрсеткіші

Мәслихаттың
2016 жылғы 8 желтоқсандағы
№ 95 шешіміне
3-қосымша

Қостанай облыстық мәслихатының күші жойылды деп танылған

кейбір шешімдерінің тізбесі

1. Қостанай облыстық мәслихатының 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 306 "Мемлекеттік орман қорында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында орманды пайдаланғаны үшін төлем төлеу мөлшерлемелері туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3721 тіркелген, 2010 жылғы 14 шілдеде "Қостанай таңы" және "Костанайские новости" газеттерінде жарияланған).

2. Қостанай облыстық мәслихатының 2011 жылғы 10 маусымдағы № 391 "Мәслихаттың 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 306 "Мемлекеттік орман қорында орманды пайдаланғаны үшін төлем төлеу ставкалары туралы" шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3768 тіркелген, 2011 жылғы 29 шілдеде "Қостанай таңы" газетінде және 2011 жылғы 4 тамызда "Костанайские новости" газетінде жарияланған).

3. Қостанай облысы мәслихатының 2016 жылғы 14 шілдедегі № 50 "Мәслихаттың 2010 жылғы 30 сәуірдегі № 306 "Мемлекеттік орман қорында және ерекше қорғалатын табиғи аумақтарында орманды пайдаланғаны үшін төлем төлеу ставкалары туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы" шешімі (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6572 тіркелген, 2016 жылғы 17 тамызда "Қостанай таңы" газетінде жарияланған).